

Павлодар облысының білім беру
басқармасы Ақсу қаласының
білім беру бөлімінің
«АҚСУ ҚАЛАСЫНЫҢ
ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ОРТА МЕКТЕБІ»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Коммунальное государственное
учреждение
«КАЗАХСКАЯ СРЕДНЯЯ ШКОЛА
ИМЕНИ ИБЫРАЯ АЛТЫНСАРИНА
ГОРОДА АКСУ»
Отдела образования города Аксу,
управление образования
Павлодарской области

Б Ұ Й Р Ы Қ

ПРИКАЗ

2026 жылғы «27» 08 №1-06/189
Ақсу қаласы

Город Аксу

Мектепте ақша жинауға тыйым салу туралы

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңына сәйкес Ыбырай Алтынсарин атындағы қазақ орта мектебінің ата-аналарынан (занды өкілдерінен) ақшалай қаражаттың заңсыз жиналуына жол бермеу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектепте заңсыз ақша жинау және әртүрлі сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттердің алдын алу мақсатында:

- Ата-аналар комитетіне, мұғалімдерге сыйлыққа қаражат жинауға тыйым салынсын;
- Мектепте өтетін сайыстарға ата-аналардың есебінен қаражат жинауға жол берілмесін;
- Оқушылардың түрлі ақылы байқаулар мен интеллектуалдық ойындарға қатысуы ерікті түрде жүргізілсін;
- Сынып қажеттіліктеріне еріксіз қаражат жинауға тыйым салынсын;
- Ата-аналардан заңсыз ақша жинауға үзілді-кесілді тыйым салынсын;
- Ата-аналардан, оқушылардан ақша жинауға жол берген сынып жетекшілерге және басқа да тұлғаларға қатаң шаралар қолданылсын;
- Мектеп әкімшілігіне әдістемелік бірлестік мұғалімдерінен сыйлық алуға жол берілмесін.

2. Мектепте заңсыз ақша жинау фактілері расталған жағдайда Заң негізінде жазалау түрі қолданылсын.

3. Аталған бұйрықпен мектеп ұжымы және ата-аналар комитеті таныстырылсын.

4. Аталған бұйрықтың орындалуы өз бақылауыма қалдырылсын.

Мектеп директоры



Егис И.Е.